

Маскүнемдік




Жоспары:

- Маскүнемдік дегеніміз не?
- Маскүнемдік себептері
- Маскүнемдік симптомдары
- Олардың зардаптары
- Емдеу жолдары
- Маскүнемдіктен арылу

МАСКҮНЕМДІК – ҮЛКЕН ДЕРТ

Денсаулық пен қоғамға зиянды әрекеттердің бірі – ішімдікке салыну. Орыстың ұлы жазушысы Л. Н.Толстой алкоголь туралы былай деп жазған болатын: «Арак – адамның есін жояды, ұясын кашырады, арамдыққа және асыққа итермелейді».

Ішімдікті тұтынудың таралуы туралы тексерілген ұлттық мәліметтер жоқ. Соңғы уақыттарда республикада маскүнемдікке салынған адамдар санының өсіп келе жатқаны көрініп отыр. Маскүнемдік психоздардың саны үш есе өскен, олардың ішінде ауыр түріндегілері басым. 1987 жылы ішімдік ішу нәтижесінде өмірінде бірінші рет мінез-құлқы мен психикасы бұзылған 37689 адам есепке алынған.



Қазіргі кезде жүрек-қан тамырлары аурулары өлімге душар етуі жағынан бірінші орынға шықты, ал әзірге ем-дауасы жоқ қатерлі дерт – рак. Үшінші орынға шыққан мақұнемдік те қыруар адам өмірін жалмауда.

Маскүнемдік – денсаулықты тез тоздыратын, адамды аздырып, түрлі сырқаттарға ұшырататын, адамгершіліктен жұрдай ететін, еңбек қабілетін кемітетін қауіпті нәрсе. Маскүнемдік ең алдымен орталық нерв жүйесін уландырады. Араққұмарлардың жасына жетпей ақыл-ойдан алжаса бастауы, ұмытшақ болуы, ұйқыларының бұзылуы, қолдарының қалтырауы, адамгершіліктен жұрдай болуы осының салдарынан.



Ішімдікке салынған адамның рухани байлығы азаяды, есілдерті араққа ғана ауады. Маскүнемдік асқазанның тамақ қорыту қабілетін нашарлатып, ас қорыту процесіне пайдалы сөлдердің бөлінуін тежейді. Адамның асқа деген тәбетін төмендетеді, әр түрлі қауіпті ауруларға ұрындырады (церроз, созылмалы бауыр ауруы, өкпе эсземасы, стенокардия, полиневрит, тағы басқалар).

Маскүнемдік белгілері
арақты үнемі қолданып
отырғанынан көрінеді.
Маскүнемдіктің ауру сатысына
өтуі оның төрт синдромымен
анықталады:

□ Реактивтіліктің өзгерген синдромы

- Ішімдік сусындарын көтеру өзгерісі;
- Арақты көп қолданудағы қорғаныс реакциясының жоғалуы;
- Масаюдан болған амнезия.

□ Психикалық тәуелділік синдромы

- Сау кезіндегі психикалық ыңғайсыздық;
- Мас кезіндегі психикалық функцияның жақсаруы

□ Физикалық тәуелділік синдромы

- Мас кезіндегі физикалық қажеттілік;
- Ішімдік мөлшеріне көз тоймаушылық

□ Психикалық, неврологиялық,
соматикалық орта мен
әлеуметтік қызметкерлікте
созылмалы интоксикация
нәтижесіндегі синдром.



- ❖ **Психикалық нәтижесі:** астения, психопатизация, тұлғалықтың төмендеуі (қызығушылықтың жойылуы), аффектілі бұзылыс (депрессия, дистрофия).
- ❖ **Неврологиялық нәтижесі:** периферитикалық невриттер, көру, есту нервтер атрофиясы.
- ❖ **Соматикалық нәтижесі:** жүрек-қантамыр жүйесінің, тыныс алу мүшесінің, асқазан, бауыр зақымдануы.



Маскүнемдіктің зардаптары


Маскүнемдік – медицина ұғымында спиртті ішімдіктерді салынып ішуден болатын ауру. Оның жедел және созылмалы түрі болады. Арақ асқазанда тез сіңіп, қанмен денеге тарап, ми жасушаларын уландырады да, адамның көңіл-күйін өзгертіп, ұстамсыз ұшқалақтыққа душар етеді. Маскүнем орынсыз сөйлейді, мақтанады.







Бухать лучше
дома, дружок!!!




Орталық жүйке жүйесі улана келе маскүнем есінен танады, не істеп, не қойғанын білмейді. Мастық 5-6 сағаттан ұзамайды. Адамның ой-өрісі, сана-сезімі азғындап, күш-жігері төмендейді. Денеде зат алмасу процесі, бауыр мен бүйрек қызметі бұзылады, отбасына, тіпті өзіне-өзі де сенбейді, ұйқысы қашады. Жалқау, өзімшіл, ұмытшақ келеді. Ішуді қоймай ауру асқынып кетсе, маскүнем жынданады.

Маскүнемдік арақты күн сайын аздап ішуден басталады да, біртіндеп құмарлыққа берілгенін өзі де сезбей қалады. Ішімдікке салынған адамның құлқы бұзылады, «көзіне қос көрініп», кейде бір нәрселер елестейді. Қорқыныш пайда болып, шошып оянады, көңілсіздік туады, сандырақтайды. Ауру ұзаған сайын адам өзіне-өзі сенбейтін болады, жұрт оның соңына түсіп, аңдып, істеген ісін теріске жоритындай жалған сезім пайда болады.

Алкоһоль психозының бірнеше түрі бар. Соның бірі – маскүнем елесі. Мұндай науқастың буындары дірілдеп, селкілдейді, ұйқысы қашады. Түсінде түрлі жат заттар: айуандар, «жын-шайтандар» көреді, сондықтан да айқайлап, шошып оянады, кез-келгенге жабысады. Ал полиневротикалық маскүнем психозына шалдыққанда адам есінен айырылып, ұмытшақтыққа ұшырайды, өзінің қайда болғанын, не есітіп, не көргенін, қашан тамақтанғанын да білмейді.

Как попасть в «центр удовольствия»



Науқас баяу қимылдайды,
шаршағыш келеді және шеткі
жүйке тамырлары шымырлап
ауырады. Бұл ауру көбінесе
маскүнем елесінен кейін
басталады. Ауру асқынып
барып, созылмалы түрге
айналады.



Орыстың ұлы физиологы И.П.Павлов 20-30 г. арақ немесе бір саптыаяқ сыра 10-40 минут ішінде адамның ойлау қабілетін 16-17 пайыз төмендететінін дәлелдеген болатын. Үнемі ішімдікке салыну ұрпақтың денсаулығына да зиянын тигізбей қоймайды. Нәресте шала тууы немесе ақыл-ойы кем болып тууы мүмкін. Алкогольдің зиянды зардаптары әйелдерге ерекше байқалады. Маскүнемдікке шалдыққандардың 60-70 пайызының балалары алкогольге бейім болып туылады.

Қалада болсын, ауылда болсын спирттік ішімдіктер сататын орындар, дүкендер, кафе, барлар жаңбырдан кейінгі қозықұйрықтай дүрілдеп өсуде. Осыншама дүкен, кафе, барлардың қажеттілігі бар ма? Олар кімге пайда, кімге зиян келтіруде? Олар біздің қоғамымызға соншалықты қажет пе?

Мереке той жиындарда бірін-бірі ішімдік ішуге қинау, маскүнемдікке итермелеу деген сөз. Сөйтіп «қуанышқа» деп ішкен арақ ақырында қайғыға әкеп соқтырады. Ол біздің қазақ мұсылмандарына жат қылық. Сондықтан ішкілікке қарсы көпшілік болып бітіспес күрес жүргізуіміз қажет. Сонда ғана өміріміз сәнді де мәнді бола түседі.



Егерде маскүнем деген диагноз қойылса, онда оны емханаға 3 жылға тіркеуге алынады. Мамандардың айтқанын орындап, дегенін істесе, тіркеуден алынады. Маскүнемдер екі диагнозбен түседі. Бірі – эпизодтық, екіншісі – тәуелділік. Қауіптісі – тәуелділік, сондықтан оны емдеу қиынға түседі. Кез-келген дәрігер психолог болуы керек. Алдымен ол адам не үшін араққа салынып кеткенін анықтап алу қажет.

Оған не түрткі болды, отбасы жағдайы қандай деген сияқты сұрақтарды қою арқылы себебін ашуға болады. Соған қатысты кеңестер беруі тиіс. Бүгінде көмек іздеп адамдар неше түрлі емшілерге барып жатады, бірақ мен емшінің арқасында қойып кетті дегенді естіген жоқпын. Жоғарыда айтылған диагноздың бірі сізде байқалса, қорықпай емделуге шақырамыз. Ем қабылдау тегін.



Маскүнемдік – адамзат баласына ғұмыр бойы зиян келтіретін өте қауіпті ауру. Ішімдіктің бір тамшысы ауруды қайта қоздырады. Ішімдікке тәуелділікпен стационарлы және амбулаторалы емдеу жолдары арқылы күресуге әбден болады. Қажет болғанда дәрігер-нарколог, тіпті науқастың үйіне барып емдей алады.

Көп жағдайда маскүнемдіктен емделу емделуші адамның өзіне тікелей байланысты. Мамандар қажетті, қолдаушы препараттар беру арқылы салынып ішу кеселінен айықтыра алады. Тағы да қайталап айтамыз, жеңіс тек науқастың ішімдікке тәуелділіктен арылуға деген ынта-ықыласына байланысты.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің" демекші отбасындағы тәлім-тәрбиенің болашақ өмірге деген әсері мол. Әсіресе қыз баланың тәртібі ерекше бақылануы тиіс. Ал отбасындағы қиын жағдайлар, жұмыссыздық осының бәрі нәзік жандылардың тағдырына кесірін тигізеді. Алайда бұл жаман әдет емес, адам өмірінде үлкен дақ қалдырар ауру.



www.cineplexX.ru

Әйелдер арасындағы маскүнемдік

Бүгінгі таңда әйел адамдардың ішімдікке салынуы белең алып барады. Екібастұз қаласының нашақорлыққа қарсы емханасы дәрігерлерінің берген мәлеметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда маскүнемдікке салынған 374 әйел адам тізімде тұр.



Ішімдік- әлсіз наркотик
Тіпті сыраның өзі алкоголизм тудырады.
Ішімдік босқа кеткен уақыт. Ішімдік - риали
өмірден уақытша қашу.
Ішімдік - ұятқа қалу.
Ішімдік - іріген бауыр мен асқазан.
Ішімдік- өзіңнен әлсіз балақайлардан таяқ
жеп, жұмысқа баруға бет жоқ үйде жату...
Ішімдік - баланың әкесіне қарсы шығуы.
Ішімдік - әкенің баласына үлгі болудан
қалып, оның алдында абыройын жоғалтуы
Ішімдік - Анаңа ауыр сөз айту
Ішімдік - Адамгершіліктен айрылу
Ішімдік - Өмірден құр қалу
Ішімдік - сайқы-мазақ клоун болу
Ішімдіксіз өмір тәттірек, және қызығырақ..

Қолданылған әдебиеттер:

- www.google.kz
- www.yandex.ru